

Дәріс №6. Маскалар және каналдар. Мәтінмен жұмыс.

Дәріс жоспары:

1. Маскалар және оларды сақтау.
2. Каналдар және дайын каналдар.
3. Мәтінмен жұмыс. Мәтіндік қабатты растеризациялау.

Дәріс мазмұны:

Бейнеге қолданылатын барлық операциялар тек ерекшеленген аймақтың ішінде жүргізіледі. Бейненің қалған аймақтары өңдеуден қорғалған яғни, «маскаланған». Ерекшеленген аймақ және маска жақын түсініктер. Ерекшеленген аймақ оны сақтағанда маскаға аймақтарды маскалар альфа - каналдарда сақталады. Альфа - канал бұл ерекшеленген аймақтарды сақтау үшін құрылатын арнайы каналдар.

Масканы сақтау. Маскалар ерекшеленген аймақ ақ түс болатын, маскаланған аймақ қара түс болатын жарты тонды бейне түрінде сақталады. Ерекшеленген аймақты жаңа альфа -каналдарында сақтау үшін **Save Selection as Channel** батырмасын шерту керек. Үнсіз келісім бойынша жаңа каналға **Alpha1** атауы беріледі. Ерекшеленген аймақты бұрын құрылған **Alpha** каналда сақтау үшін **select >save Selection** командасын орындау керек. Ашылған терезеде құжаттың атын, каналдың атын таңдау керек.

Сонан соң жазу тәсілін таңдау керек.

1. Replase Channel

2. Ed to Channel

3. Sabtrapt rom Channel

Альфа -каналдарының параметрі. Егер де бірнеше альфа -каналдары сақталған болса, оларды әртүрлі болу үшін канал атауында екі рет шерту керек. Ашылған сұхбат терезеде қызыл шаршыны екі рет шертіп, **Corel Picker** терезесінде керекті түсті таңдау керек. **Opasity** өрісінде де түстің мөлдірлігін өзгертуге болады. Мөлдірлік тек **Photoshop** – та көргенде көрінеді, бейнеге әсерін тигізбейді. Үнсіз келісім бойынша таңдалған түспен бейненің маскаланған бөлігі боялады. Керісінше таңдалған түспен ерекшеленген аймақты бояу үшін **selected areas** батырмасын қосу керек.

Альфа -каналда ерекшелеуді жүктеу. Ол үшін керекті альфа - каналда ерекшелеп, **Load Channel as Selection** батырмасын шерту керек. Жұмыстың бұрынғы режиміне көшу үшін каналдар палитрасының жоғарғы жолында шерту керек немесе керекті альфа - каналды. **Ctrl** пернесін қоса шерту керек.

Бос альфа - канал құру: Ол үшін **Create New Channel** (создать новый канал) батырмасын шерту керек. **Альфа -каналды жою** үшін оны ерекшелеп **delete** батырмасын шертіп, **Carrent Channel** сұранысқа иә немесе жоқ деп жауап беріп, альфа -каналды жоямыз.

Дайын каналдар (Плашечные каналы). Дайын түстер (Плашечные цвета) – бұл дайын, қағазға түсірілетін араластырылған бояулар, әрбір плашечный түс үшін жеке канал құрылады. Жаңа плашечный канал құру үшін плашечный түспен бояу керек. Аймақтарды ерекшелеп немесе ерекшелеуді альфа - каналдан жүктеп палитра менюінен **New Spot Channel** батырмасын шерту керек Түстерді таңдау әдеттегідей жүргізіледі.

Solidity параметрі көмегімен бояудың мөлдірлік дәрежесі таңдалады. Егер мөлдірлік қажет болмаса, параметрдің мәні 100-ге тең болуы керек, сәйкесінше мөлдір бояу алу үшін параметрдың мәні 0-ге тең болуы тиіс. Бұл параметр қағазға басқаннан кейін бейне туралы дұрыс мәлімет алу үшін қажет.

Альфа - каналды плашечный каналға түрлендіру үшін каналдар палитрасында альфа - канал атауында екі рет шертіп, ашылған сұхбат терезеде **Spot Color** ауыстырғыш орнатып, түсті таңдау керек. Түрлендіруден кейін альфа - каналдарының маскаланған аймақтары таңдалған түспен боялады, керісінше ерекшеленген аймақтарды таңдалған түспен бояу үшін **Image Adjust invert** командасын

орындау керек. Егер де плашечный каналдағы түсті сақтап қалу керек болса, бірақ оны әрі қолданбасақ, онда оны түстік каналдармен біріктіру керек. Ол үшін **Merge Spot Channel** командасын орындау керек.

Каналдар палитрасында әрқашан алдымен стандартты түстік каналдары, сонан соң плашечный каналдары, ең соңында альфа - каналдары орналасқан. Түстік және альфа - каналдары үшін олардың орналасуы маңызды емес. Плашечный түстер қағазға палитрада орналасқан ретпен түседі. ал палитрада олар жоғарыдан төмен плашечный каналдардың орналасу ретін өзгерту үшін, оны шертіп, төменге қарай тарту керек.

Каналдардың көшірмесін алу. Плашечный немесе альфа - каналды өңдеу алдында оның копиясын жасап алған жөн болады. Көшірмесін алу үшін каналды ерекшелеп палитра менюінен **Duplicate channel** командасын орындау керек.

Мәтінмен жұмыс істеу

Интерлиньяж

Интерлиньяж – жолдардың арасындағы арақашықтық. Дәлірек айтқанда әріптердің биіктігі + жолдың арасындағы бос орынның биіктігі.

Әртүрлі символдары үшін интерлиньяждың әртүрлі мәндерін орнатуға болады. Бірақ солардың ең үлкен анықтаушыш интерменьяж болады. **Auto** мәнін таңдағанда интерменьяж мәні жолдың ең үлкен розмірі бойынша %-н есептеледі. Үнсіз келісім бойынша 120%-ке тең.

Трекинг және кернинг.

Трекинг – символдар кепіліне байланысты мәтіндегі символдар арасындағы арақашықтықты корректировкалау. **Кернинг** – екі нақты символдар арасындағы арақашықтықты орнату. Кернингті орнату үшін курсорды керекті символдар арасына орнатып, символдар палитрасының кернинг өрісінде кернинг шамасын беру керек. Тренингті өзгерту үшін мәтінді ерекшелеп, **tracking** өрісінде керекті мәнді енгізу керек. Егер символдарды ажырату керек болса, кернингтің оң болуы тиіс. Ал символдарды жақындату үшін кернингтің мәні теріс болуы керек.

Базалық сызықты жылжыту.

Жылжытуды орындау үшін символдар палитрасының **baseline Shift** өрісінде жылжыту мәнін енгізу керек.

Мәтіндік қабатты растеризациялау.

Ол үшін қабаттар палитрасында осы қабатты ерекшелеп **Layer > Rasterize > Type** командасын орындау керек. Растрленген мәтін кәдімгі пикселдерден тұратын мәтінге айналады, оған фильтрлерді қолдануға болады.

Негізгі әдебиет: [4, 9]

Қосымша әдебиет: [6]